

Көшпені қайта атап туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 27 шілдедегі № 4 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 шілдеде № 28957 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2021 жылғы 5 сәуірдегі қорытындысының негізінде және Күршім ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Күршім ауданының Күршім ауылдының МТС көшесі Баймухамбетов Қайрат көшесі деп қайта аталсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Күршім ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte қамтамасыз етеді:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің ресми жарияланғанынан кейін Күршім ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауылдық округінің әкімі

E. Нурсоветов